**Бекітемін:**
**ЖК Н.И.Ғайып «Ақбөбек» балабақшасы**
**Әдіскері:_______________ Ж. Балгабаева**
**____________________ 2026 жыл**

Білім беру ұйымы: "Ақбөбек" балабақшасы
Топ:"Жұлдыз" ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Педагогтың аты-жөні : Бупежанова Т.Д

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Мамыр айы 2026 жыл 1 апта**

**Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.**
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 04.05.2026 ж | Сейсенбі 05.05.2026 ж | Сәрсенбі 06.05.2026 ж | Бейсенбі | Жұма 08.05.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Доппен қарапайым ойындар ойнау, допты домалату, лақтыру және қағып алу арқылы қимыл белсенділігін арттыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**<br>Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, денені жеңіл жаттығулармен шынықтыру арқылы денсаулықты нығайту.<br>**Тыныс алу жаттығулары**<br>Мұрынмен дем алып, ауызбен шығару, терең тыныс алу, баяу дем шығару арқылы тыныс алу жүйесін дамыту.<br>**Жалаң аяқ жүру**<br>Жалаң аяқ әртүрлі беткейде (кілемше, құм, шөп) жүру арқылы табан бұлшық еттерін нығайту және ағзаны шынықтыру | Оқиға желісін сақтай отырып, өз ойымен толықтырып сөйлеуге баулу. Сөйлемдерді байланыстырып жеткізу дағдысын қалыптастыру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Әңгімелеу, сахналау, көрсету, сұрақ-жауап, диалог әдістерін қолдану. Балалардың белсенді қатысуына жағдай жасау.<br>**Тапсырмалар**<br>Кейіпкердің көңіл-күйін дауыс ырғағы арқылы жеткізу. Қуаныш, реніш, қорқыныш сияқты сезімдерді сөзбен және қимылмен көрсету. Қысқа мәтін бойынша кейіпкердің көңіл-күйін анықтап, сипаттау.<br>**Ойын: «Кім қалай сезінеді?»**<br>Балаларға әртүрлі кейіпкерлер немесе жағдайлар ұсынылады.<br>**Музыка**<br>**Музыка тыңдау:**<br>Балаларға домбырамен орындалған қарапайым күй тыңдатылады. Музыканы тыңдау барысында оның көңіл күйін (жай, көңілді) анықтап, иллюстрациялармен (дала, ат, табиғат көріністері) салыстыру ұсынылады. Балалар музыкаға сәйкес қимыл жасап, мазмұнын сезінуге бағытталады.<br>**Ән айту:**<br>Әнді тәрбиешінің сүйемелдеуімен орындау. Әуенді дұрыс айту, дыбысты созу, тыныс алуды сақтау дағдылары | **шаралары**<br>Таза ауада серуендеу, жеке бас гигиенасын сақтау, ауызды шаю арқылы денсаулықты нығайту.<br>**Тыныс алу жаттығулары**<br>Мұрынмен дем алып, ауызбен шығару, терең тыныс алу, баяу дем шығару жаттығулары арқылы тыныс алу жүйесін дамыту.<br><br>**Вариативтік компонент “Хореография”**<br>**Маман жоспарымен** | | Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, жеңіл жаттығулар орындау арқылы денсаулықты нығайту.<br>**Жалпақ табандылықтың алдын алу жаттығулары**<br>Аяқ ұшымен және өкшемен жүру, табанмен әртүрлі заттарды (доп, таяқша) домалату, құмда немесе арнайы төсеніште жүру арқылы табан бұлшық еттерін күшейту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | «Артықты алма»<br>Шарты: Балаларға ойыншық ақша беріледі Олар дүкеннен тек қажетті заттарды таңдайды артық зат алмауға үйренеді<br>**Қаржылық сауаттылық** | «Менің міндетім»<br>Шарты: Балалар үйдегі және балабақшалағы міндеттерін атайды Тәрбиеші жағдаят айтып дұрыс әрекетті таңдауды ұсынады<br>**Құқықтық сауаттылық** | «Дұрыс па бұрыс па»<br>Шарты: Тәрбиеші түрлі әрекеттерді айтады Балалар дұрыс әрекетті таңдап түсіндіреді<br>**Адалдық әліппесі** | | «Менің арманым»<br>Шарты: Балалар өз армандаған мамандығын айтып оны қимылмен көрсетеді<br>**Ерте кәсіптік бағдар беру** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру және түсіру, қолды белге қойып алға-артқа сермеу, 4–5 рет жартылай отырып-тұру арқылы дене бұлшық еттерін дамыту.<br>**Негізгі қимылдар**<br>Сызықтардың арасымен жүру, қолды екі жаққа созып тепе-теңдікті сақтау арқылы қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру.<br>**Қимылды ойындар** | Қазақ тілі<br>**Тақырыбы: «Көңіл-күйді жеткіземіз»**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Ө, ү дыбыстарын дұрыс және анық айтуға жаттықтыру.<br>**Сөздік қор**<br>Көркем шығармадан қысқа үзінді тыңдату арқылы жаңа сөздермен таныстыру.<br>**грамматикалық құрылымы**<br>Сөздерді дұрыс байланыстырып, қысқа әрі түсінікті сөйлемдер айтуға дағдыландыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Кейіпкердің көңіл-күйін сипаттап айтуға үйрету. | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды кезекпен жоғары көтеру, денені түзу ұстау, тізерлеп отырып допты айналдыра домалату арқылы қол, аяқ және жалпы қозғалыс үйлесімділігін дамыту.<br>**Негізгі қимылдар**<br>Арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру, заттардан аттап өту арқылы ептілік пен үйлесімді қозғалыс дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қимылды ойындар**<br>Құрсаумен ойындар ойнау, құрсауды айналдыру, ішінен өту, домалату арқылы қимыл белсенділігін арттыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру** | | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Аяқты кезекпен алға қою, өкшемен және аяқ ұшымен жүру арқылы аяқ бұлшық еттерін нығайту және тепе-теңдікті дамыту.<br>**Негізгі қимылдар**<br>Аяқ ұшымен жүгіру, шеңбер бойымен жүгіру арқылы қозғалыс жылдамдығын және үйлесімділігін жетілдіру.<br>**Қимылды ойындар**<br>Секіргішпен ойындар ойнау, секіріп өту, ырғақпен секіру арқылы ептілік пен шыдамдылықты дамыту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары** |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | байыту. Белгілі дыбыстан басталатын сөздерді ажырату («д» дыбысы: дос, достық), сөйлем құрау дағдыларын дамыту. Әңгімелесу барысында өз ойын толық жеткізуге үйрету.<br>(әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Миға шабуыл», TRIZ «Егер достық болмаса не болар еді?»)<br><br>**Көркем әдебиет «Достық» өлеңі**<br>Балаларға достық туралы қысқа өлең тыңдату. Өлең мазмұнын түсініп айту, жатқа айтуға үйрету. Интонацияны сақтап, мәнерлеп айтуға баулу. Кейіпкерлерге жанашырлық таныту.<br>(мәнерлеп оқу, «Жалғастыр» ойыны, рөлдік оқу)<br><br>**Қазақ тілі «Досымды сипаттаймын»**<br>Балаларды достарын сипаттауға үйрету (жақсы, мейірімді, көңілді). Жай сөйлемдермен өз ойын жеткізуге мүмкіндік беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, і, қ, ғ). Диалог құру қабілеттерін дамыту.<br>(диалог, сөздік ойын, ойын әдісі) | дамыту, өз ойын толық жеткізуге үйрету.<br>(әңгімелесу, сұрақ-жауап, ойын, «Миға шабуыл», «Қимылды қайтала»)<br><br>**Көркем әдебиет «Достық» өлеңін қайталау**<br>Балаларға өткен өлеңді еске түсіріп, мазмұнын қайталау. Өлеңді жатқа айту, мәнерлеп айтуға баулу. Интонация, кідіріс, логикалық екпінді дұрыс қолдануға үйрету.<br>(мәнерлеп оқу, «Жалғастыр» ойыны, «Кім дұрыс айтады?»)<br><br>**Қазақ тілі «Біз қалай ойнаймыз?»**<br>Балаларды диалог арқылы сөйлесуге үйрету. Жай және жайылма сөйлемдер құрау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, і, қ, ғ). Сөздік қорын ойын әрекеттеріне қатысты сөздермен байыту.<br>(диалог, сөздік ойын, «Сұрақ қой – жауап бер» ойыны)<br><br>**Математика негіздері «Ойыншықтарды санаймыз»**<br>Балаларды 1–5 дейін санауға бекіту. Реттік санау (бірінші, екінші). «Нешінші?» және «Барлығы қанша?» сұрақтарына жауап беру. Ойыншықтарды салыстыру арқылы тең және тең емес топтарды анықтау.<br>(дидактикалық ойын «Нешінші тұр?», «Санап көр», топтастыру, салыстыру) | (әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Миға шабуыл», «Әңгіме құрастыр» ойыны)<br><br>**Көркем әдебиет «Достық» шығармасын мазмұндау**<br>Балаларға тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға үйрету. Кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау, оларға жанашырлық таныту. Шығарманы дұрыс қабылдау дағдыларын қалыптастыру.<br>(мазмұндау, сұрақ-жауап, «Кім не істеді?» ойыны)<br><br>**Қазақ тілі «Біз тату өмір сүреміз»**<br>Балаларды еркін диалог құруға үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, і, қ, ғ). Сөздік қорын «достық», «бірге», «тату» сөздерімен толықтыру.<br>(диалог, сөздік ойын, «Сөйлеп көр» ойыны)<br><br>**Математика негіздері «Заттарды салыстырамыз»**<br>Балаларды заттардың ұзындығы, ені, биіктігі бойынша салыстыруға үйрету. Ұзын-қысқа, биік-аласа ұғымдарын бекіту. Геометриялық пішіндерді ажырату (дөңгелек, төртбұрыш).<br>(дидактикалық ойын «Қайсысы ұзын?», «Салыстыр», практикалық жұмыс)<br><br>**Қоршаған әлеммен** | | | Балаларға өлеңді жатқа, мәнерлеп айтуға үйрету. Интонацияны дұрыс қолдану, логикалық екпін қою.<br>(мәнерлеп оқу, рөлдік оқу)<br><br>**Қазақ тілі «Достық туралы әңгіме»**<br>Балаларды еркін диалог құруға үйрету. Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізу. Қазақ тілі дыбыстарын дұрыс айту.<br>(диалог, сөздік ойын)<br><br>**Математика негіздері «Кеңістікте бағдарлау»**<br>Балаларды кеңістік бағыттарын анықтауға үйрету (оң, сол, алда, артта). Заттардың орналасуын сипаттау.<br>(ойын «Қай жерде тұр?», практикалық жұмыс)<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру «Қауіпсіздік және тәртіп»**<br>Балаларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету (электр құралдары, сіріңке). Қоғамдық тәртіпті сақтау.<br>(әңгімелесу, ойын «Қауіпсіз бе?»)<br><br>**Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие**<br>Балалардың мамандықтар туралы білімдерін бекіту. Өз құқықтары мен міндеттері туралы түсінік беру.<br>(әңгімелесу, ойын «Кім болғым келеді?») |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | калыптастырылады. Әнді карапайым қимылдармен үйлестіріп айтуға үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Музыка ырғағына сәйкес баяу және жылдам секіру қимылдарын орындау. Қарқын өзгерісін сезіну және қимылды музыкамен сәйкестендіру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Металлофонмен таныстыру. Бір дыбысты кайталап ойнау, тәрбиеші көрсеткен карапайым ырғақты кайталау.<br>**Билер:**<br>Музыканың көңілді сипатына сәйкес карапайым би қимылдарын орындау. Орамалмен би қозғалыстарын жасау.<br>**Ойын:**<br>«Күйді тап» – балаларға әртүрлі күй үзінділері тыңдатылады, олар көңіл күйіне сәйкес суретті таңдайды және қимылмен көрсетеді. | | | | |
| | | Апталық дәйексөз **«Бірлік бар жерде – тірлік бар.»**<br>**Тіл дамыту «Достық әлемі»**<br>Балаларды халықтар достығымен таныстыру (дос, достық, бірлік, татулық). Әртүрлі ұлт өкілдерінің бірге өмір сүретіні туралы түсінік беру. Балалардың сөздік қорын достыққа қатысты сөздермен | **Тіл дамыту «Біз бірге ойнаймыз»**<br>Балаларды бірлесіп әрекет жасауға, достарымен тату ойнауға үйрету. Достық карым-қатынас туралы түсініктерін кеңейту. Сөздік қорын «бірге», «көмектесу», «бөлісу», «ойнау» сөздерімен байыту. Белгілі дыбыстарды ажырату («б» дыбысы: бірге, бала, бөліс). Антоним сөздерді қолдану (жақсы–жаман, тату–ұрыс). Сөйлем құрау дағдыларын | **Тіл дамыту «Біз бір елдің балаларымыз»**<br>Балаларды бір елде өмір сүретін әртүрлі ұлт өкілдерімен таныстыру, олардың достықта өмір сүретінін түсіндіру. Сөздік қорын «ел», «халық», «бірлік», «татулық» сөздерімен байыту. Белгілі дыбыстарды ажырату («б», «е» дыбыстары). Антоним сөздерді қолдану (дос–жау, тату–ұрыс). Сөйлем құрау және әңгіме айту дағдыларын дамыту. | | | **Тіл дамыту «Достық мерекесі»**<br>Балаларды өз ойларын еркін айтуға, әңгіме құрауға үйрету. Достық туралы түсініктерін бекіту. Сөздік қорын кеңейту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін жетілдіру.<br>(әңгімелесу, сұрақ-жауап, сахналау ойыны «Достық көрінісі»)<br><br>**Көркем әдебиет «Достық өлеңін мәнерлеп айту»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие**<br>Балаларды әртүрлі мамандықтармен таныстыру, барлық адамдардың тең екенін түсіндіру. Бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>(әңгімелесу, ойын)<br><br>**Қаржылық сауаттылық элементі «Дүкен»**<br>Балаларға заттардың еңбектің нәтижесі екенін түсіндіру.<br>Сатып алу-сату әрекеттерін ойын арқылы көрсету.<br>(ойын «Дүкен») | **Қаржылық сауаттылық элементі «Дүкен»**<br>Балаларға ойыншықтардың дүкенде сатылатынын түсіндіру. Ақша арқылы сатып алу әрекетін көрсету. Заттың еңбек нәтижесі екенін ұғындыру.<br>(рөлдік ойын «Дүкен»)<br><br>**Сурет салу «Біз бірге ойнаймыз»**<br>Балалардың бірлесіп ойнап жатқан сәтін бейнелеу. Түрлі түстерді қолдану, бояуларды араластыру арқылы жаңа реңктер шығару.<br>(дәстүрден тыс әдіс, шығармашылық жұмыс)<br><br>**Мүсіндеу «Ойыншық»** | **Қаржылық сауаттылық элементі «Еңбек – табыс көзі»**<br>Балаларға еңбек арқылы табыс табылатынын түсіндіру. Еңбек пен нәтиже арасындағы байланысты көрсету.<br>(әңгімелесу, ойын «Не үшін еңбек етеміз?»)<br><br>**Сурет салу «Табиғаттағы достық»**<br>Балаларды табиғат көрінісін бейнелеуге үйрету. Түрлі түстерді үйлестіру, бояуларды араластыру.<br>(дәстүрден тыс әдіс, шығармашылық жұмыс)<br><br>**Мүсіндеу «Табиғат бұрышы»**<br>Балаларды табиғат | | **Қаржылық сауаттылық элементі «Сатып алу-сату»**<br>Балаларға ақша арқылы сатып алу әрекетін бекіту. Дүкен ойынын ұйымдастыру.<br>(рөлдік ойын «Дүкен»)<br><br>**Сурет салу «Достық мерекесі»**<br>Балаларды мерекелік көріністі бейнелеуге үйрету. Түрлі түстерді үйлестіру.<br>(шығармашылық жұмыс)<br><br>**Мүсіндеу «Достық»**<br>Балаларды достық тақырыбында композиция жасауға үйрету.<br>(практикалық жұмыс) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері «Достарды санаймыз»**<br>Балаларды 1–5 дейін санауға жаттықтыру. Балалар бейнелері арқылы санау, «барлығы канша?» сұрағына жауап беру. Достарды жұппен қою арқылы тең және тең емес топтарды анықтау.<br>(дидактикалық ойын «Санап көр», топтастыру, салыстыру)<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру «Достық ережелері»**<br>Балаларды дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету (амандасу, алғыс айту, кешірім сұрау). Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерін түсіндіру. Достық пен сыйластықтың маңызын ұғындыру.<br>(әңгімелесу, бақылау, жағдаяттық ойын) | **Қоршаған әлеммен таныстыру «Қоғамдық орындардағы тәртіп»**<br>Балаларды қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру. Қоғамдық көлікте, ойын алаңында өзін дұрыс ұстауға үйрету. Сыпайы қарым-қатынас дағдыларын бекіту (амандасу, алғыс айту, кешірім сұрау).<br>(әңгімелесу, бақылау, жағдаяттық ойын «Қалай дұрыс?»)<br>**Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие**<br>Балаларды әртүрлі мамандықтармен таныстыру (сатушы, жүргізуші, тәрбиеші). Әр адамның еңбегін құрметтеу, құқықтары тең екенін түсіндіру.<br>(әңгімелесу, ойын «Мамандықты тап») | **таныстыру «Табиғат – біздің досымыз»**<br>Балаларды табиғатты қорғауға, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға үйрету. Қарапайым экологиялық тәртіп ережелерін сақтау (қоқыс тастамау, өсімдікті жұлмау).<br>(әңгімелесу, бақылау, тәжірибе, ойын «Табиғатты қорға»)<br>**Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие**<br>Балаларды еңбек түрлерімен таныстыру. Әр адамның еңбегі маңызды екенін түсіндіру. Өзара сыйластық пен теңдікке тәрбиелеу.<br>(әңгімелесу, ойын «Еңбек не үшін керек?») | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Мамыр айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сурет салу «Достық гүлі»**<br>Балалардың түстер туралы түсініктерін кеңейту. Түрлі түстерді қолдана отырып, достық гүлін салу. Бояуларды араластыру арқылы жаңа түс шығару.<br>(дәстүрден тыс әдіс)<br><br>**Мүсіндеу «Достар»**<br>Балаларды ермексаздан адам бейнесін жасауға үйрету. Домалақтау, қысу, тарту әдістерін қолдану.<br>(практикалық жұмыс)<br><br>**Жапсыру «Достық шеңбері»**<br>Элементтердің ретін сақтай отырып, достық шеңберін құрастыру.<br>(үлгі бойынша жұмыс)<br><br>**Құрастыру «Достық алаңы»**<br>Балаларды құрылыс материалдарынан ортақ ойын алаңын жасауға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру.<br>(конструктормен жұмыс, ойын) | Балаларды ермексаздан ойыншық жасауға үйрету. Домалақтау, созу, қысу әдістерін қолдану.<br>(практикалық жұмыс)<br><br>**Жапсыру «Ойын алаңы»**<br>Элементтердің ретін сақтай отырып, ойын алаңының композициясын құрастыру.<br>(үлгі бойынша жұмыс)<br><br>**Құрастыру «Лего алаңы»**<br>Балаларды құрылыс материалдарынан ойын алаңын жасауға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру (оң, сол, қатар).<br>(конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын) | элементтерін мүсіндеуге үйрету (ағаш, гүл). Қысу, созу, біріктіру әдістерін қолдану.<br>(практикалық жұмыс)<br><br>**Жапсыру «Ұжымдық жұмыс»**<br>Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға үйрету. Композиция құру, элементтерді дұрыс орналастыру.<br>(үлгі бойынша жұмыс, топтық жұмыс)<br><br>**Құрастыру «Табиғи материалдар»**<br>Табиғи материалдардан (жапырақ, қағаз, дәндер) құрастыру. Кеңістікте дұрыс орналастыру.<br>(шығармашылық ойын, практикалық жұмыс) | | **Жапсыру «Ортақ жұмыс»**<br>Балаларды ұжымдық жұмысқа баулу.<br>(топтық жұмыс)<br><br>**Құрастыру «Достық қаласы»**<br>Балаларды құрылыс материалдарынан қала құрастыруға үйрету. Кеңістікте орналастыру.<br>(конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын) |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Дыбысты тап<br>Шарты: Балаға белгілі бір дыбыс айтылады Бала сол дыбыстан басталатын сөздерді атайды | Қарама қарсы сөз<br>Шарты: Тәрбиеші сөз айтады Бала оған қарама қарсы сөзді табады | Қай жерде тұр<br>Шарты: Бала заттардың орналасуын айтады сол оң жанында арасында сөздерін қолданады | | Қимылды айт<br>Шарты: Бала етістіктерді бұйрық райда айтады отыр тұр жүр жүгір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | «Көбелекті ұста»<br>Шарты: Балалар алаңда еркін қозғалады Бір бала көбелек болады Қалған балалар көбелекті ұстап алуға тырысады | «Қояндар мен қасқыр»<br>Шарты: Балалар қояндар болып секіріп жүреді Бір бала қасқыр болады Белгі бойынша қасқыр қояндарды қуады Ұсталған бала қасқыр болады | «Кім жылдам»<br>Шарты: Балалар белгі бойынша жүгіріп берілген жерге жетуі керек Кім бірінші жетсе сол жеңімпаз болады | | «Допты қуып жет»<br>Шарты: Тәрбиеші допты домалатады Балалар допты қуып жетіп ұстап алуы керек |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |